
ПОЛИЭТИЛЕН ЖӘНЕ МЕТАЛЛОПОЛИМЕР ҚҰБЫРЛАРҒА АРНАЛҒАН ФИТИНГ (ЕВРОКОНУС)


ZQEK001
ZQEK002
ZQEK003


0036/ 10 / 26 KZ





ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Фитингтер (евроконустар) полимер (PEX, PERT) және металлополимер (PEX/AL/PEX, PEX/AL/PERT) құбырларды евроконусқа арналған G 3/4″ сыртқы бұрандасы бар құбыржол жүйелерінің элементтеріне (мысалы, коллектор шығуларына) қосуға арналған.
ZQEK001 — полиэтилен және металлополимер құбырына арналған фитинг 3/4″ × 16 × 2,0
ZQEK002 — полиэтилен құбырына арналған фитинг 3/4″ × 16 × 2,2
ZQEK003 — полиэтилен және металлополимер құбырына арналған фитинг 3/4″ × 20 × 2,0










ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР	
Қосылу бұрандасы	G 3/4″ (ВР)
Қосылатын құбыр параметрлері (ZQEK001)	16 × 2,0 мм
Қосылатын құбыр параметрлері (ZQEK002)	16 × 2,2 мм
Қосылатын құбыр параметрлері (ZQEK003)	20 × 2,0 мм
Номиналды жұмыс қысымы, PN	10 бар
Сынақ қысымы	15 бар
Ең жоғары жұмыс температурасы	100 °C
Қосылу түрі	Бұрандалы
Бұрандалы қосылыс стандарты	ISO 228-1

КОНСТРУКЦИЯСЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ		
1	Гайка	Жез CW617N, никельденген
2	Кесікті сақина	Жез CW617N
3	O-ring тығыздағыш сақинасы (2 дана)	EPDM эластомері
4	Корпус	Жез CW617N
5	Тығыздағыш сақина	EPDM эластомері
6	Диэлектрлік шайба	Тефлон PTFE


ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПІ

Фитинг корпусы жабынсыз CW617N жезінен, гайка никельденген CW617N жезінен жасалған. Корпус штуцерінің ойықтарында EPDM материалынан жасалған екі тығыздағыш сақина орналасқан. PTFE (тефлон) материалынан жасалған диэлектрлік шайба металлополимер құбырдағы алюминий мен жез арасында гальваникалық жұптың пайда болуын болдырмайды. Құбыр фитингке CW617N жезінен жасалған кесікті қысқыш сақина арқылы бекітіледі: гайка мен сақинаның конустық беттері өзара әрекеттескенде сақина құбырды қысады. Гайканың гайка кілтіне арналған алты қырлы бөлігі бар.


ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР (мм). ZQEK001. Массасы 49 г



ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР (мм). ZQEK002



ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР (мм). ZQEK003. Массасы 56,2 г



ОРНАТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Құбырларды евроконус арқылы монтаждау кезінде келесі жұмыс тәртібін сақтаңыз:
– құбырды оның бойлық осіне қатаң перпендикуляр етіп кесіңіз;
– құбыр ұшын калибрлеңіз және ішкі фасканы алыңыз;
– құбырға гайканы кигізіңіз;
– құбырға кесікті қысқыш сақинаны кигізіңіз;
– тығыздағыш сақиналарды зақымдамай, құбырды фитинг штуцеріне тірелгенше кигізіңіз;
– фитингті қарсы бөлшекке (мысалы, коллектор шығуына) салып, гайканы оның G 3/4″ сыртқы бұрандасына қолмен бұраңыз;
– қарсы бөлшекті бұралудан ұстап тұрып, гайканы ашық кілтпен бір айналымға қатайтыңыз.
2. Евроконустарды құрылыс конструкцияларына монолиттеуге жол берілмейді.
3. Құбыржол жүйесі фитингтер бойлық және иілу жүктемелерін қабылдамайтындай етіп монтаждалуы тиіс. Ол үшін жобада қозғалмалы және қозғалмайтын тіректердің, сондай-ақ компенсаторлардың орнату орындары көрсетілуі керек.

ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Фитингтер техникалық параметрлер кестесінде көрсетілген қысым мен температурада пайдаланылуы тиіс.
2. Евроконустарды диэлектрлік шайбаларсыз және тығыздағыш сақиналарсыз пайдалануға жол берілмейді.
3. Сұйық көмірсутектерді тасымалдайтын құбыржолдарда фитингтерді қолданған кезде EPDM тығыздағыш сақиналары NBR, HNBR немесе FPM (витон) сақиналарына ауыстырылуы тиіс.
4. Жүйеге гидравликалық сынақ жүргізілгеннен кейін, сондай-ақ ортаның температурасы 50 °C-тан жоғары жүйелерді пайдаланудың алғашқы бес сағатынан соң гайкалардың тартылуы әлсіремегенін тексеріңіз. Қажет болған жағдайда гайкаларды қосымша қатайтыңыз.
5. Фитингтердің тартылуын тексеру келесі жағдайларда жүргізілуі тиіс:
– барлық жүйелерде — жылына кемінде 1 рет;
– жылыту жүйелерінде — жылыту маусымы басталар алдында;
– ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде — жазғы өшіруден кейін;
– жүйенің рұқсат етілген параметрлері (қысым, температура) авариялық түрде асқаннан кейін;
– құбыржолға күтпеген механикалық әсерлерден кейін.

ӨНДІРУШІ

ZUOYOU GLOBAL BUSINESS LIMITED
Өндіріс мекенжайы: Shamen Industrial Area, Yuhuan, Taizhou, Zhejiang, China 317607 (Шамен өнеркәсіптік аймағы, Юхуань қ., Тайчжоу қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай)
Шыққан елі: Қытай